

Артериальды гипертензия.

Паспорттық бөлім: Елемесова Ж

Жасы: 40

Жұмысы: Мұғалім.

Шағымдары: басының ауруына, жиі шүйде аймағында. Бас айналу, құлақтағы шуылға, АҚҚ 150/90мм.с.б дейін көтерілуіне, жүрек тұсындағы ауырсыну сезіміне, жалпы әлсіздікке шағымданады.

Anamnesis morbi: Өзің 1аптадан бері науқаспын деп санайды. Ең алғаш бас ауыру және АҚҚ көтерілуі мазалай бастағаннан. Дәрігерге қаралмаған. Қазіргі жағдайының нашарлауын стресстік жағдаймен байланыстырады.

Anamnesis vitae:

- Әлеуметтік жағдайы: қанағаттандырарлық.
- Бастан өткізген аурулары: ЖРВИ, аппендэктомия.
- Туберкулез, вирусты гепатит, венерологиялық аурулар: теріс
- Тұқымқуалаушылық аурулары: жоқ
- Аллергоанамнез: тыныш.
- Зиянды әдеттері: жоқ

•Еңбек қабілетінің өзгерісі: тұрақты, 2 бағасы бар

Status preasens: Жалпы жағдайы салыстырмалы қанағаттандырарлық. Есі анық, сұрақтарға адекватты жауап береді. Дене қызуы 36,7градус. Дене бітімі дұрыс, нормостеникалық типті. Бойы 165см, салмағы 58кг. Тері жамылғылары таза, физиологиялық түстес, тургоры сақталған. Көзге көрінетін шырышты қабаттары таза. Лимфа түйіндері ұлғаймаған, пальпацияланбайды. Тірек-қимыл жүйесі өзгеріссіз. Бұлшықеттік тонус сақталған. Өкпесінде везикулярлы тыныс, сырылдар жоқ. Перкураторлы анық өкпелік дыбыс. Дауыс дірілі барлық өкпе бойында бірдей. ТАЖ-19мин. Жүрек тондары анық, ритмді, патологиялық шулар жоқ. ЖЖЖ-76мин. АҚҚ-150/90мм.с.б. Іші жұмсақ, ауырсынусыз. Бауыр және көкбауыр пальпацияланбайды. Зәр шығару еркін, ауырсынусыз. Соққылау симптомы екі жақтан да теріс. Неврологиялық статус: өзгеріссіз.

Негізгі синдромдар:

- * Артериальды гипертензия синдромы.
- * Ауырсыну синдромы.



Зерттеу қорытындылары:

* ЖҚА

* ЖЗА

* Биохимиялық қан анализы

* ЭКГ

* ЭхоКГ

* Бүйрек УДЗ

* Көз түбін қарау

Болжамды диагноз: Артериальды гипертензия 2 дәрежелі, қауіп 1.

Тағайындалған ем:

- * Психо-эмоциональды тыныштық.
- * Салауатты өмір салтын ұстану.
- * Эналаприл 10мг

Пайдаланылган әдебиеттер:

- * Клинические протоколы МЗ РК - 2013
- * Ішкі аурулар- Н.А.Мухин, В.С.Моисеев.
- * Ішкі аурулар-Б.Қалимұрзина.

